



Воспитатель ясли-сада «Айнагуль»
 СКО Жамбылский район
 с. Пресновка
 стаж: 6 лет
 категория: вторая
 Симомбаева Ардак Мухтаевна.

**«Ақбота» 1-ші сәбилер тобында
 ашық кіріктірілген оқу қызметінің технологиялық картасы**

Білім беру саласы: «Коммуникация», «Шығармашылық»

Бөлімі: «Сөйлеуді дамыту», «Мүсіндеу»

Тақырыбы: «Қоянның туған күні»

Мақсаты:

1. Балаларға туған күн туралы, аңдардың қысқы тіршілігі туралы мағлұмат беру. Үй қояны мен жабайы қоянның тіршілігі туралы айту. Мүсіндеудің созу, ширату тәсілдерін үйрету.
2. Балалардың тілдерін дамытып, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.
3. Балаларды жануарларға қамқор және жанашыр болуға тәрбиелеу. Достық сезімдерін ояту.

Алдын ала орындалатын жұмыс: «Менің туған күнім» фотокөрмесі, тұзды қамыр әзірлеу, шаттық шеңбері, сергіту сәті, қимылды ойын сөздерін жаттату.

Қажетті құрал – жабдықтар: компьютер, қимылды ойынға арналған атрибуттар, суреттер, фланелеграф, дайын үлгі жұмыс.

Сөздік жұмыс: сәбіз, туған күн, қоян, дене мүшелері.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	Шаттық шеңбері: <i>- Балалар, шеңберге тұрайық.</i> Күнге қолымды созамын, Күн жылуын аламын. Жүрегіме басамын, Айналама шашамын.	Балалар шаттық шеңберіне тұрады.

<p>Ұйымдастырушылық – ізденістік</p>	<p>- Балалар, бүгін бізде ерекше ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті. Себебі, бізге қонақтар келді. - Қане, қонақтармен сәлемдесіп алайық. - Сәлеметсіздер ме, қонақтар. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Ауа райы қандай? - Дала суық, мамық қар жатыр. Мен сендерге жұмбақ жасырамын және шешуіне көмектесемін. Салпаң құлақ, Өзі сондай қорқақ. Балалар назарларыңды тақтадағы суретке аударыңдар. Суретте не бейнеленген? Қоянмен таныстырамын (басы, құлағы, денесі, аяғы т.б.) - Балалар, қояндар жабайы және үй қояндары болады. Қояндар шөппен, жеммен және сәбізбен қоректенеді. (Жем, шөп, сәбіз балаларға көрсетемін) <i>Сергіту сәті:</i> Секірейік, секірейік, Ұзын құлақ қоянша. Шаршағанды кетірейік, Болар сонда тамаша. (<i>Есік қағылып қоян кіреді</i>) - Қоян сенің неге көңіл күйің жоқ? <i>Қоян:</i> - Менің туған күнім еді. Орман іші тыныш. Аңдар да жоқ. Ешкім маған сыйлық сыйламады. <i>Тәрбиеші:</i> - Ренжіме қоян, біз саған сыйлықты қолдан жасап сыйлаймыз. Әуелі балалармен туған күннің қалай өтетіні туралы есімізге түсірейік.</p>	<p>Балалар қонақтардың келгеніне қуанады.</p> <p>Балалар келген қонақтармен амандасайық.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіздер ме? - Қыс мезгілі - Суық - Қоян <p>Балалар суреттерді қарастырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қоянның суреті. <p>Балалар қоянмен танысады.</p> <p>Балалар сергіту сәтін жасайды.</p> <p>«Менің туған күнім» фотокөрмесі компьютерде көрсетіледі.</p> <p>Балалар саусак жаттығуын жасайды.</p> <p>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Сәбізді мүсіндеу жолын түсінеді. Өздері</p>
---	--	---

	<p>«Менің туған күнім» фотокөрмесімен жұмыс.</p> <p><i>Саусақ жаттығуы:</i> Бала, бала, балақан, Қане көрсет алақан. Саусақтарың әйбат, Былай – былай ойнат.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, жаңа біз қоянға көмектесеміз деп уәде бердік. Сол уәдемізді орындайық. Қазір біз қамырдан қоянға сәбіз мүсіндеп сыйлаймыз. <p>(Қамырдың құрамымен таныстырамын: ұн, тұз, су көрсетемін).</p> <p>Мүсіндеу тәсілін түсіндіремін.</p> <p><i>Қоян:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар сендердің көп – көп рахмет. Өте қатты қуанып тұрмын. Туған күнімде осынша көп сыйлықты бірінші рет алып тұрмын. Менің де сендерге сыйлығым бар. Сау болыңдар. 	<p>мүсіндеген сәбізді қоянға сыйлайды.</p> <p>Балалар қоянның сөзін тыңдайды. Қоянның сыйлығын алады да, қоянмен қоштасады.</p>
<p>Рефлексиялық - түзетушілік</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? - Бізге қонаққа не келді? - Қоян неге ренжулі болды? - Қоянға арнап не жасадық? - Сәбізді неден жасадық? - Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінде, белсенді болып, жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау. 	<ul style="list-style-type: none"> - Ия ұнады. -Қоян келді. -Туған күні екен -Сәбіз -Тұзды қамырдан

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар туған күн туралы, аңдардың қысқы тіршілігі және үй қояны мен жабайы қоянды ажырата біледі.

Түсінеді: Балалар жануарларға қамқор және жанашыр бола білуді түсінеді.

Қолданады: Сәбіз жасау барысында мүсіндеудің созу, ширату тәсілдерін қолданады.

